

## **1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығындарды қаржыландыру ережелерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 10 ақпандағы N 186

"1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 P961533\_ қаулысымен бекітілген 1997 жылға арналған реформаларды

тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспарының 9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығындарды қаржыландыру ережелері бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жыл 10 ақпандағы  
N 186 қаулысына  
қосымша

1997 жылға арналған республикалық  
бюджетте көзделген шығындарды қаржыландырудың  
**ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Осы Ереже 1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығындарды қаржыландырудың тәртібін және кезектілігін айқындайды.
2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін Қазақстан Республикасының өзге де орталық атқарушы органдары, басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар (бұдан әрі - ұйымдар) функционалдық топтары, функциялар, қосымша функциялар және мекемелер бойынша республикалық

бюджет шығындарының бекітілген шектеулі мөлшерлері негізінде бюджеттік сыныптаманың барлық буындары бойынша айлық бөлініспен қоса қаржылық жылға арналған шығындардың сметасын жасап, оларды республикалық бюджет шығындарының кестесін құру үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне т а п с ы р а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық республикалық бюджеттің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен шығындарының кестесіне сәйкес, сондай-ақ қолда бар қаржы ресурстарының шегінде ұйымдарға "Қаржылық жоспар құру және қолдағы ақшаның ағымын болжау жөніндегі" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 18 қыркүйектегі N 239 нұсқаулығында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 130 бұйрығымен енгізілген өзгерістерде айқындалған тәртіпте қ а з ы н а л ы қ р ұ қ с а т т а р б е р е д і .

Республикалық бюджетті құрудың және орындаудың Ережелеріне сәйкес республикалық бюджеттің үлестік қаржыларын бөлуге өзгертулер енгізу кезінде оларды секвестациялауды қоса, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық республикалық бюджет шығындарының өзгерген кестесі бойынша шығындарды қаржыландыруды жүзеге асырады.

4. Ұйымдарды республикалық бюджеттің қаржылары есебінен қаржыландыру Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық беретін рұқсаттың негізінде айына бір рет /2-ші жұлдызынан кейін/ жүргізіледі. Бұл орайда шығындарды экономикалық сыныптаудың, несиелеудің және жабудың барлық түрлері бойынша қаржыларды басымдылықпен бөлу тәртібі орнатылады.

Бірінші кезекте секвестацияға жатпайтын шығындар /еңбек ақы төлеу, міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналары, стипендиялар, зейнетақылар мен тамаққа арналған шығыстар/, сондай-ақ басқа да бірінші кезектегі және айрықша шығыстар / дәрі-дәрмектер мен орап-байлау заттарын сатып алу; электр энергиясы мен жылуға ақы ; облыс бюджеттерінің трансферттері; ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша борышты өтеу жөніндегі; ішкі займдар бойынша проценттердің төлемдері; сыртқы займдар бойынша проценттердің төлемдері; халықаралық қаржы ұйымдарының борышын өтеу; шет мемлекеттер үкіметтерінің борышын өтеу; халықаралық даму ұйымдарының борышын өтеу; сыртқы борыштың ә р т ү р л і ө т е м д е р і / .

Екінші кезекте шығындардың келесі түрлері қаржыландырылады: ғылыми-зерттеу, жобалау-ізвестіру ұйымдарының және есептеу орталықтарының қызметтері; елден сыртқары іссапарлар мен қызмет бабындағы жүрістер, елдің ішіндегі іссапарлар мен қызмет бабындағы жүрістер; жұмсақ мүкәммал мен арнаулы киімдерді сатып алу; негізгі жабдықтарды сатып алу; байланыс қызметіне ақы төлеу; ағымдағы және күрделі шығыстардың басқа да түрлері.

5. Жобаларды сыртқы займдардың есебінен жүзеге асыру жөніндегі шығыстарды қаржыландыру займ сомаларының түсу шамасына қарай жүзеге асырылады. Шығыстардың түрлері бойынша қаражат бөлудің басымдылығы займ шарттарымен а й қ ы н д а л а д ы .

6. Қаржыландырудың лимиттерін айқындауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық республикалық бюджетке қаржылардың болжамды /күтілімді/ түсімдері негізінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы тиісті қаржы жылына арналған шығыстардың сметасы тапсырылмаған, бөлінген қаржылар мақсатсыз немесе тиімсіз пайдаланылған жағдайда, бюджеттік қаржыларды бөлмеуге, оларды қайтып алуға және тыйым салуға құқы бар, сондай-ақ республикалық бюджеттің шығындарын оған түскен түсімдерге байланысты бөлудің біркелкілігін реттейтін шаралар қолдануға құқы бар.

Ағымдағы жылдың ішінде шығыстар кірістен, болжамдағыға /күтілімдегіге/ қарағанда, асып кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығындардың белгілі бір түрлерін, олардың бюджеттік қаржымен қамтамасыз етудің басымдылық сипатын ескере отырып, қаржыландыруды тоқтата тұру жөнінде шаралар қ о л д а н а д ы .

Бірыңғай қазынашылық есепте қаражат жеткіліксіз болған кезде дебеттік сальдонның пайда болуына жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен заңда белгіленген тәртіппен н е с и е а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

7. Республикалық бюджеттің қаражатын пайдалану қатаң мақсатты арналым бойынша жүзеге асырылады. Республикалық бюджет бойынша ұйымдарға келесі айға арналған шығыстар үшін қазынашылық рұқсаттар бірыңғай қазыналық есепте қалған басы бос қаржыларды және пайдаланылмаған лимиттерді ескере отырып жүргізіледі.

8. Республикалық бюджет шығындарының белгілі бір түрлерін дереу қаржыландыруды талап ететін ахуал пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі секвестацияға жататын шығыстарды қаржыландыру кезегінің тәртібін өзгертуге құқығы бар.

9. "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 52-1 Z960052\_ Заңының 28-бабына сәйкес республиканың аумағына төтенше бюджет енгізген кезде 1997 жылға арналған республикалық бюджетке көзделген шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің айрықша ш е ш і м і н е с ә й к е с жү р г і з і л е д і .